



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ



СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

анализа – через разработку практического инструментария учетно-аналитического обеспечения оценки эффективности использования основных средств. В подсистеме контроля – через сопоставление плановых и фактических показателей для повышения эффективности планирования обновления основных средств.

Таким образом, проблемы учетно-аналитического обеспечения управления основными средствами предприятия ВКХ нуждаются в решении дискуссионных вопросов теоретического, концептуального, организационно-методического характера. Они усложняют управление процессами состояния и обновления основных средств не только на уровне предприятия, но и на мезо- и макроуровнях. Кроме того, в методологии экономического анализа до сих пор окончательно не сформирован аналитический инструментарий оценки эффективности их использования. Последнее – это перспективное направление дальнейших исследований.

#### **Список использованных источников**

1. Безродна Т.М. Обліково-аналітичне забезпечення управління підприємством: визначення сутності поняття / Т.М. Безродна // Вісн. Східноукр. нац. ун-ту ім. В.Даля. Ч. 2. — 2008. — № 10(128). — С. 35-38.
2. Гуренко Т. О. Теоретичні основи формування обліково-аналітичного забезпечення управління / Т. О. Гуренко, С. І. Дерев'янка, А. С. Липова // Економічні науки. Сер. : Облік і фінанси . - 2013. - Вип. 10(3). - С. 204-210
3. Реслер М. В. Значення обліково-аналітичної інформації в управлінні підприємством / М. В. Реслер // Науковий вісник Ужгородського нац. університету: Сер.: Економіка. – 09/2012. – Вип.3(37) . – С. 146-148.
4. Вольська В.В. Методичні підходи до обліково-аналітичного забезпечення та аудиту управлінської діяльності аграрних підприємств / В. В. Вольська // Проблеми теорії та методології бухгалтерського обліку, контролю і аналізу. – 2012 - № 3(24) – С. 83-88
5. Юзва Р.П. Обліково-аналітичне забезпечення управління діяльністю підприємств спиртової промисловості: автореф. дис. канд. екон. наук: 08.00.09 / Р.П. Юзва ; Терноп. нац. екон. ун-т. – Т., 2011. – 20 с.
6. Прохар Н.В. Облік доходів, витрат і фінансових результатів: проблеми теорії та практики: [монографія] / Н.В. Прохар, Ю.О. Ночовна. – Полтава: РВВ ПУЕТ, 2011. – 257 с.
7. Євдокимов В.В. Бухгалтерський облік як інформаційна система: загальні методологічні підходи [Електронний ресурс] / В.В. Євдокимов // Вісник ЖДТУ. – 2009. - № 1 (47) – С. 35-40
8. Гура Н. О. Бухгалтерський облік як складна інформаційна система / Н. О. Гура // Вісник Київського національного університету ім. Т. Шевченка. – 12-15 с.
9. Теория систем и системный анализ в управлении организациями. Справочник : учебное пособие / под ред. В. Н. Волковой и А. А. Емельянова— М. : Финансы и статистика, 2006. — 848 с. : ил.
10. Ткаченко С. А. Методологія проектування та впровадження підсистеми обліково-аналітичного забезпечення у функціонально розвинутих системах управління спеціального призначення промислових підприємств і виробничих об'єднань / С. А. Ткаченко // Бізнесінформ, - 2013. - № 9. – С. 376-382

УДК 657:(075.8)

**ЗАЙМ МЕН НЕСИЕ: ҰҚСАСТЫҒЫ, АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ, ЕСЕБІ**

**Сейілхан Аяжан Бақытжанқызы**

[aiash\\_beauty\\_96@mail.ru](mailto:aiash_beauty_96@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, «Есеп, аудит және талдау»  
кафедрасының 2 курс, Еа-23 тобының студенті, Астана, Қазақстан

Займ түсінігі келесі құрауыштардан тұрады: займ ұғымы, займ беруші және займ алушы, ақша және басқа меншік формасындағы заттар немесе ақшаларды, алынған көлемде, жағдайда қайтаруға міндеттенді. Займ түсінігін толық түсіну үшін осы ұғымдарды толығырақ қарастырайық.

Займ туралы түсінік сонау ерте заманнан пайда болған. И.А. Покровскийдің айтуы бойынша ескі азаматтық-құқықтық кезеңде займ «*nexum*» түрінде жүзеге асырылған. *Nexum*-дық келісіммен орындалатын займ өзінің төлену шарттарының ауыр зардаптарымен ерекшеленді. Алған затын 60 күн ішінде қайтаруы керек болды. Олай болмаған жағдайда адамды құлдыққа сату немесе өлтіруге дейін барған болатын. Юстинианның дигесталарында займ түсінігіне мынадай анықтама берілген: «Займ (*mutuum*) бір тараптың екінші тарапқа келісім арқылы белгілі бір құралдарды (тұқым, май, шарап, заттар) қарызға беруі, займ алушы келісім шарттың мерзімі бойынша алынған құралдарды сол қалпында қайтаруы керек». Тарихшы В. О. Ключевский айтқандай «Шындық - меншігіңді жинаққа сақтауға беру займнан қатаң түрде өзгешеленеді, қарапайым займ досыңа уақытша ақша не зат беру, ақшаны беру белгілі бір ақшаның өсу келісімімен, проценттік займның екі түрі: ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді, сонымен займ- саудалық кәсіпорынға салған салымнан алынатын белгісіз үлес немесе дивиденд». Ф.Шершеневич займды «бір тұлғаның басқа тұлғадан өз меншігіне алған затты алынған көлемде және сапада қайтаруға міндеттенетін келісім күші» ретінде қарастырды. Сонымен, займ туралы түсінік шетел әдебиеттерінде кеңінен таралған және жетік зерттелген сала болып табылады. Отандық ғалымдардың еңбектеріне келсек, займ туралы түсінік бір-біріне өте ұқсас. Ең толық анықтаманы С.Ж Толпаковтың еңбегінен көруге болады. Займ – бұл бір тараптың меншігін екінші тарапқа немесе тұлғаға заң арқылы келісіп берілетін азаматтық-құқықтық келісімнің бір түрі. Займ мен несие келісіміне отырғанда бір тараптан меншік (мүлік, көп жағдайда ақшалай қаражат) келесі тарапқа мынадай талаппен беріледі: алынған меншік сол алынған көлемде, сипатта қайтарылады және бергені үшін пайыз түріндегі сыйақы төлемі беріледі. Шетелдік және отандық ғалымдардың көзқарастарын жалпылай келе займ дегеніміз қарызға ақша немесе зат берудің ерекше бір түрі және оның екі тарабы бар. Бірірінші тарабы - займ беруші өзінің меншігін (ақша, заттар, құрал-жабдықтар) екінші тарапқа займ - алушыға береді. Займ алушы займ берушіге алған ақшасын немесе алған заттарын тура сол көлемде, сол қалпында қайтаруға тиіс.

Займ түсінігін кез-келген ұғым сияқты екі тұрғыда қарастыруға болады: экономикалық және заңдық.

Экономикалық категория ретінде займ дегеніміз белгілі бір шарттамен және келісіммен мүлікті қарызға беру. Займ арқылы займ алушының өзінде жоқ құралдарды алу арқылы қажеттілігі қанағаттандырылады, ал займ беруші осы құралдарды ұсынғаны үшін белгілі бір пайда – пайыз алады.

Заңдық категория ретінде азаматтық-құқықтық келісімнің бір түрі болып табылады. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес міндеттемеге сәйкес бір адам (борышқор) басқа адамның (несие берушінің) пайдасына мүлік беру, жұмыс орындау, ақша төлеу және т.б. сияқты белгілі бір әрекеттер жасауға, не белгілі бір әрекет жасаудан тартынуға міндетті, ал несие беруші борышқордан өз міндеттерін орындауын талап етуге құқылы. Несие беруші борышқордан атқарылғанды қабылдауға міндетті. Займдардың жіктелуіне келсек, займ түрлері өте көп және несие екеуінің жіктелуі ұқсас болып табылады.

Займдар эмиссиялық құқыққа байланысты: мемлекеттік және жергілікті болып бөлінеді. *Мемлекеттік займ* - мемлекеттің үкімет немесе орталық (ұлттық) банк арқылы жүргізетін қарыздарлық қатынасы. Мемлекеттік займ – займдық келісімшарт бойынша займ алушы рөлінде мемлекеттік немесе жергілікті кез-келген институт немесе басқа мемлекеттік сақтандыру кепілге ие тұлға, ал займ беруші азамат немесе заңды тұлға болған

кезде. Орналастырылуына байланысты: ішкі, сыртқы болып бөлінеді.

Пайдалануына байланысты былай бөлінеді:

1. Ағымдағы (1, 3, 6 ай);
2. Қысқа мерзімді (1 - 3 жыл);
3. Орта мерзімді (3 - 10 жыл);
4. Ұзақ мерзімді (10 - 50 жас).

Орналастыру әдістеріне қарай: ерікті, міндетті.

Займ түрлері:


–Мақсатты займ – займ алушы займды алар алдында келісімшартта белгілі бір мақсатты қолдану туралы келісімге келсе.

–Мақсатсыз займ – келісімшартқа сәйкес займ алушы займдық құралдарды шектеусіз қолдана алады. Мақсатсыз займдар мақсатты займдарға қарағанда қымбаттырақ болып келеді.

Займның түр өзгешеліктеріне қарай:

*Вексель* - біржақты сөзсіз ақшалай міндеттемені білдіретін қатаң белгіленген нысандағы төлем құжаты. Қолма-қолсыз төлем құралы – вексель болып табылады. А.А. Фелдманның айтуынша: «вексель – мерзімі өткеннен кейін вексельде көрсетілген соманы төлеудің талап етуге құқық беретін нақты қатаң формада құрастырылған қарыздық міндеттемелерінің бірі». Д.М. Мажитов, осы айтылған вексельге берген анықтамасын қолдай отырып «вексель – бұл белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін иесінің вексельде көрсетілген соманы қарыз алушыдан талап етуіне құқық беретін жазбаша түрдегі қарыздық міндеттеме» деп атады. Вексель – қарызды өтеудегі заңды түрде бекітілген төлем міндеттемесі. Ол – бағалы қағаз. Вексельді борышқор, яғни вексель беруші тауарды несиеге алғанда тауар сатушыға, яғни вексель иемденушіге береді. Вексельдің мәні – несиеге алған белгілі бір соманы төлем уақыты жеткенде келісілген жерде өтеу үшін тауар сатып алушының (вексель берушінің) сатушыға (вексель иемденушіге) берген қарыз міндеттемесі. Себебі, вексельдің мәні – тек қарызды қайтару кепілі ғана емес, сонымен бірге саудалық қарым-қатынастардың тиімділігін арттыру мақсатында осы төлем міндеттемесін белсенді пайдалану арқылы ресурстардың айналымын жеделдету.

Сызба 1 - Вексельдік операциясы



Вексельдің екі түрі бар: жай және аудармалы. Еліміздің “ҚР-дағы вексель айналысы туралы” ҚР заңында мынадай түсініктемелер берілген:

Жай вексель (соло) – вексельді ұстаушыға вексельде көрсетілген соманы белгілі бір уақытта немесе талап етуге байланысты төлеу туралы вексель берушінің еш нәрсемен негізделмеген міндеттемесін сипаттайтын вексель.

Аудармалы вексель (тратта) – вексельде көрсетілген соманы белгілі бір уақытта алғашқы вексельді ұстауыға (ремитентке) төлеу туралы үшінші бір тұлғаға (трассатқа) вексель берушінің (трассанттың) еш нәрсемен негізделмеген ұсынысын сипаттайтын вексель. Қорытындылай келе вексель қарызға ақша алудың ең тиімді және пайдалы түрі болып табылады.

*Облигация* деп эмитенттің белгілі бір шартты орындауға, яғни алған ақша сомасын

қайтаруды және белгіленген сыйақыны төлеуді міндеттенген жазбаша қарыз құжаты. Облигация да акция сияқты корпорацияны инвестициялаудың ең маңызды көзі.

Облигация бойынша мезгіл-мезгіл төленетін сыйақы түріндегі пайда купонға алмастырылады. Купон деп облигациядан жыртылып алынатын талонды айтады. Онда сыйақы сомасы көрсетілген. Облигацияда бірнеше элементтер көрсетіледі: номиналы, купондық қойылым, өтеу туралы нұсқау, эмиссия қамтамасыз етілуі, рейтингі. Облигацияның номиналды құны – облигация құнының ол шығарылған кезде айқындалған ақшалай түрі, оған купондық облигация бойынша пайызбен көрсетілген сыйақы есептеледі, сондай-ақ облигацияны өтеген кезде оны ұстаушыға төленуге тиісті сома деп Қ.Р «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңында жазылған. Облигацияның қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген болып бөлінуі Төлебаевтың анықтамасы бойынша.

*Қамтамасыз етілген облигациялар* – оларды шығарғанда кепілдікке корпорация активтері немесе мүлігі салынады. Бұл облигациялар корпорацияның негізгі активтерін талап етуге құқық беріп және сонымен бірге оның негізгі меншігінің облигацияға салынғанын көрсетеді.

*Қамтамасыз етілмеген облигациялар* – жалпы кепілдігі бар, басқаша айтқанда эмитенттің жақсы атағымен шығарылған қарыз міндеттемесі. Облигацияның рейтингі – олардың инвестицияланған сапасын арнаулы фирмалардың бағалауы. Инвесторлардың облигациядан алатын пайдасы купондық төлеммен дисконттық айырмашылықтан түсетін кірістен құралады. Қорытындылай келе облигация займның бір түрі және бұл көбінесе инвесторларды қызықтыратын бағалы қағаз. Қазір облигация несиеге қарағанда тиімдірек және шығыны аз болып келетін қарыз алудың бір түрі.

Бәріміз күнделікті естіп жүрген займ және несие ұғымы бізге таныс болып табылады. Халықтың көпшілік бөлігі несие ұғымын жетік біледі, бірақта соған ұқсас займ, ссуда деген сөздер несиенің синонимі деп ойлайды. Несие және займ екеуі де қазақша тұрғыда айтылғанда қарыз деп айтылады. Бірінші қарағанда займда, несиеле атқаратын қызметтері ұқсас сияқты. Екеуінде де жеке тұлға басқа тұлғадан белгілі бір уақытқа ақша не басқа актив алады және белгілі уақыттан соң пайызбен не пайызсыз қайтарады. Сол себепті екеуі ұқсас болып табылады, бірақ займ мен несие өзінше бір-бірінен айырмашылығы мен ұқсастығы бар. Займ мен несиенің айырмашылығы мен ұқсастығын ашып көрсету үшін біріншіден несиеге қысқаша тоқталайық.

Несие ұғымына анықтаманы көптеген ғалымдар берген. Соның ішінде несие туралы анықтаманы біз Б.Көшенованың кітабынан қарастырдық. Несие – ақша сияқты тарихи экономикалық дәреже болып табылады. «Кредит» деген сөз, «қарыз», «несие» деген «kredo» - сенемін деген мағына беретін латынша «kreditum» деген сөзден шығады. Ол экономикалық дәреже ретінде әр түрлі экономикалық қоғамдарда қызмет етеді. Несие — нарықтық экономиканың тірегі ретінде, экономикалық дамудың ажырамас элементін білдіреді. Оны барлық шаруашылық субъектілерімен қатар, мемлекетте, үкіметте, сондай-ақ жеке азаматтар да пайдаланады. Несие — бұл пайыз төлеу және қайтару шартында уақытша пайдалануға (қарызға) берілетін ссудалық капитал қозғалысы. Сонымен несиенің толық анықтамасын қарастыра келе, несие дегеніміз кез-келген банкке барып, белгілі бір уақытқа және белгілі бір пайызбен алынатын заттар немесе ақша болып табылады.

Несиеде өзгермейтін, тұрақты болып қалатын жәйіт – құрылым. Өзге экономикалық категориялар сияқты несие де бір-бірімен өзара әрекетке түсетін бірнеше элементтен тұрады. Р.Ә.Байжолованың кітабынан алынған кестеден көріп отырғанымыздай несиенің құрылымы болып: несие беруші, несиеленген құн және қарызға алушылар болып табылады.

Сонымен займ мен несиеге тоқталып олардың анықтамасын қарастырдық, енді екеуінің бір-бірінен айырмашылығын ашып қарастырайық. Барлық мағұлматтарды қарай келе оларды бірнеше айырмашылықтарына тоқталайық.

Бірінші айырмашылығы несиені тек қызметтің осы түрі үшін арнайы лицензиясы бар қаржылық институт бере алады. Мысалы, мұндай ұйым банк болып табылады. Тіпті фирма

несие бере алмайды. Бірақ займды кез-келген тұлға бере алады. Мысалы, сіздің досыңыз сізге айлық алғанша ақшаны займға бере алады.

Екінші айырмашылығы несиенің қаражаты әрқашан ақша болып саналады. Несиеге ақша аласызба немесе зат аласызба онда бәрібір соңында сіз ақшалық құнымен қайтарасыз. Несие ақшаны қолма-қол немесе бір шоттан келесі шотқа аударып бередіме, оны банк өзі біледі. Ал займда басқаша займдық құрал кез-келген зат бола алады. Займдық құралдар міндетті түрде ақша болуы шарт емес, ол пәтер, автокөліктер, қайық, жер және тағы басқа заттар бола алады. Займның таратылуы тек қол жетімді, бірегей заттар бола алады. Бірақта осы заттардың ішінде займ бола алмайтын заттар: бірегей суреттер, мүсіндер, зергерлік бұйымдар. Өйткені олар құртылған жағдайда олардың қаншалықты зиян шеккенін анықтау мүмкін емес.

Үшінші айырмашылығы несие берушілер әрқашан өздеріне пайда көздейді. Несиені қолданғаны үшін қарыз алушы өз ақшасымен төлейді, бір айта кететін жағдай алған несие көлемінен пайдаланған уақыт аралығына пайыздық төлем алады. Сонымен сіз алғаныңыздан екі есе қылып қайтарасыз. Займ болса ол пайыссыз болуыда мүмкін және сіз алған құралыңызды сол қалпында қайтара аласыз.

Төртінші айырмашылығы консенсуалдығында. Консенсуалдық дегеніміз – бұл ресми іс-әрекет болып табылдай. Осы іс-әрекетке байланысты несие мен займда айырмашылықтар бар. Несие келісімшарты бойынша шартқа қол қойған күннен бастап несие шарты өз күшіне енеді (ақшаның берілген күніне байланысты емес), ал займда ол тұлға қашан қолына займдық затты алады сол күннен бастап займдық келісімшарт өз күшіне енеді.

Бесінші айырмашылығында әрине олардың несиелік және займдық келісімшарттарына тоқталамыз. Несиелік келісімшарт әрқашан қатаң түрде тек жазбаша түрде болады. Келісімшарттың жазбаша түрінің барлық белгіленген жері толық толтырылуы керек. Ал займдық келісімшарт ауызша келісе отырып берілуі мүмкін немесе жазбаша түрде болуы мүмкін. Займдық келісімшартта тұлғалар өздеріне қалай ыңғайлы сол түрді таңдай алады.

#### Кесте 1 – Займ және несие шарттарының негізгі айырмашылықтары

| Көрсеткіштер               | Несиелік келісімшарт                | Займдық келісімшарт                  |
|----------------------------|-------------------------------------|--------------------------------------|
| Несие не займ беруші тарап | Банк және несиелік ұйым             | Кез-келген тұлға                     |
| Келісімшарт құралы         | Ақша                                | Ақша және басқа құралдар             |
| Негізгі элементі           | Міндетті қайтарым және үстеме пайыз | Алынған мөлшерде және сапада қайтару |
| Келісімшарт нысаны         | Жазбаша                             | Жазбаша және басқа тұрғыда           |
| Келісімшарт түрі           | Консенсуалдық                       | Нақты                                |

Алайда, аталған ерекшеліктерге қарамастан, бухгалтерлік заңдар мен есептер жоспарын пайдалану нұсқаулығы бухгалтерлік есепте несие мен займ шарттарының тараптары міндеттерінің айырмашылығын есептік объектілердің бір тобына – несие бойынша есептесуге біріктіреді. Несие мен займдардың жіктелуі. Негізгі ереже несие мен займ міндеттерін жіктеу критерилерін оларды өтеу (қайтару) мерзімі бойынша қарастырады. Ережеге сәйкес займ алушы ұйымының займ берушіге алынған займ немесе несие бойынша берешегі бухгалтерлік есепте қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып бөлінеді. Шарт талаптарына сәйкес өтеу мерзімі 12 айдан аспайтын займдар мен несиелер қысқа мерзімді берешек болып табылады, ал ұзақ мерзімді берешектің өтелу мерзімі 12 айдан асады. Займ және несие бойынша міндеттемелер — мерзімін шектеу есептілікте емес (баланс баптарын толтыруға тікелей байланысты), бухгалтерлік есеп шоттарының шаруашылық өмірінің

фактілерін тіркеу деңгейінде жүргізілетін есептесу есебінің шоттарында көрінетін бірден-бір міндеттеме болып табылады. Сонымен бірге, аталған ереже займ алушы ұйымның несие мен займ шарты бойынша міндеттемелерін есепке алу тәртібін анықтайтын нормативті құжаттарға тән. Займ беруші ұйымында займ алушының міндеттемесі есеп жоспарын пайдалану нұсқаулықтарының талаптарына сәйкес қаржылық салымдар құрамында көрсетіледі. Борыштың негізгі сомасының ережелеріне (қарыз) сәйкес заемды кредитор алынған және (немесе) кредиттік мекемесі іс жүзінде қолма-қол немесе шартта көрсетілген басқа да бағалау сомаға алынған қарыз шарты немесе заем шартының талаптарына сәйкес ескере отырып қарыз алушыны алады.

Қорыта келе несие мен займ түсінігін қарастырып, олардың бір-бірінен барынша айырмашылығын көрсетуге тырыстық. Негізінен бухгалтерлік есепте займ мен несие бір баланста қарастырылып бір шоттарға кіреді. ҚР Қаржы Министрлігінің бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарына» сәйкес ұйымдарда қысқа мерзімді займдар есебі 3010 «Қысқа мерзімді банк қарыздары», 3020 «Уәкілетті органның және Ұлттық Банктің лицензиясыз банктік операцияларды жүзеге асыратын ұйымдардан алынатын қысқа мерзімді қарыздар» және ұзақ мерзімді займдар есебі 4010 «Ұзақ мерзімді банк қарыздары» және 4020 «Уәкілетті органның және Ұлттық Банктің лицензиясыз банктік операцияларды жүзеге асыратын ұйымдардан алынатын қысқа мерзімді қарыздар» шоттарында жүргізіледі. Мұнда біз әрқайсысының өз ерекшеліктері бойынша көрсетуіміз керек. Займ мен несие ол қарыз алудың бір түрі, бірақта өзінше бір-біріне өзгешеленетінін көріп отырмыз. Көбінесе олардың келісімшарт толтыру жағдайларында байқалады. Қазіргі дамыған нарық заманында несие мен займның орны өте зор.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Византийский император Юстиниан. Законы XII таблиц. Институции Гая. Дигесты Юстиниана (Памятники римского права). - М.: Зерцало, 1997.
2. Толпаков Ж.С. Бухгалтерский учет : учебник, Караганда, 2012 – 981с.
3. Фельдман А.А. Вексельное обращение.- М.: Инфра-М, 1995.
4. Қазақстан Республикасының 02.07.2003 ж N 461 «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңы.
5. Әбдіманапов Ә.Ә. Қаржылық есеп. – А.: «Таугуль-ПРИНТ», 2007. 544-бет.
6. В.Л.Назарова, М.С.Жапбарханова. –Алматы.: Алматыкітап баспасы, 2012. - 624 б.
7. Назарова.Б. Учет затрат по займам.-// ФБ Главбух.- Алматы, 2012. № 4
8. Калденбергер.А. Займы. Долговые ценные бумаги.-// Бухучет на практике.-Алматы, 2012. № 8.
9. Акильбекова.К. Затраты по займам: раскрытие в финансовой отчетности.-// ФБ Главбух.- Алматы, 2010. № 10.
10. Кеулімжаев Қ.Қ., Әжібаева З.Н, Құдайбергенов Н.А., Жантаева А.Ә. Қаржылық есеп. –А.: Экономика, 2001. - 332 бет

УДК 504.06

### **АНАЛИЗ ПОТЕРЬ ВОДЫ ПРИ ТРАНСПОРТИРОВКЕ, ИННОВАЦИОННЫЕ ПУТИ ИХ ОГРАНИЧЕНИЯ**

**Советова Салтанат Жанатовна**

[95saltanat95@mail.ru](mailto:95saltanat95@mail.ru)

Студентка группы УиА-22 экономического факультета ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана,  
Казахстан

Научный руководитель – Б.О. Туребекова